

«Тексерілді»
«№23 «Талағай» бөбекжайы»
жедел басқару құқығындағы
МКҚК әдіскері
 К.Е.Берниязова

Ұйымдастырылған ашық іс-әрекет
Тақырыбы: «Кішкентай доптар»



Дайындаған: Сақтағанова А.

2025 жыл

Тақырыбы: Кішкентай доптар

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің мақсаты: Балаларды сапта бірінің артынан бірі тізені жоғары көтеріп жүруге жаттықтыру; сапта шашырап жүгіруге жаттықтыру; сапка өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық тақтаймен жүріп келе жатып, қолындағы кішкентай допты оң қолдан сол қолға ауыстыру, алдына және артына ұстап, ауыстыру. Бір қатарға қойылған (5 м) кеглилердің арасымен оң және сол аяқпен кезек секіру дағдысын үйрету; сапта 3 метр қашықтықта аяқтарын алшақ қойып, допты екі қолымен бір-біріне қарама-қарсы тұрып лақтыруға жаттықтыру; жомарт күз туралы ұғым беру. Балаларды достық қарым-қатынасқа және ізгілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКЛІК МАТЕРИАЛДАР

Дене шынықтыруға арналған киімдер, кішкентай доптар.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

Балалар саппен залға кіреді.

Педагог:

Музыка әуенімен жай жүреді, салтанатты адыммен жүре отырып, біртіндеп педагогтің белгісі бойынша қайтадан сапка тұрады.

- Балалар, музыка әуені бойынша менің артымнан әдемі адым жасап жүреміз, жарайсыңдар!

Енді менің белгі беруім бойынша тізені жоғары көтеріп жүреміз, жәй қалыпқа түсіп, тез ойналған музыка әуенімен жүгіреміз, жүгіріп келе жатып, жәй жүріске түсеміз және аяқтың ұшымен денелерімізді тік ұстап жүреміз. Балалар музыка әуенімен бірінің артынан бірі жүреді, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүреді, жәй қалыпқа түсіп, тез ойналған музыка әуенімен жүгіреді, жүгіріп келе жатып, жәй жүріске түседі және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүреді. Жүріп келе жатып, шеңбер құрады және қайтадан сапка тұрып, біртіндеп жүріп келе жатып жалпы дамыту жаттығуларын жасауға тұрады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)

Педагог:

- Балалар, қолдарымыздағы доптарымызды көрсетеміз, бәрінде бар ма? Жарайсыңдар! Енді менімен бірге жалпы дамыту жаттығуларын жасауға дайындаламыз. Денемізді тік, еркін ұстаймыз.

1. Бастапқы қалып дене тік, доп оң қолдарында

1-2 - Балалар қолдарын жандарына созып, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады;
3-4 - Қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады),
5-6 рет қайталанады;

2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, доп оң қолдарында

1-2. Оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады;
3-4. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).

3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, доп оң қолдарында

1- Отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу;
2 - Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).

4. Бастапқы қалып тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында

1-3. Допты өзінен оң жаққа түзу домалату;

4- Допты алып, тіктелу, допты сол қолға салу (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).

5. Бастапқы қалып жерге отырып, аяқты бірге түзу қою, доп аяқ жакта, қолдарымен артқа қарай жер тіреу;

1-2 - Аяқты түзу жоғары көтеріп, допты домалату және ұстап алу;

- 3-4- Бастанқы қашып жаттығу орнына қарқынды орындалады (жаттығу 5 рет қайталанады).
6. Бастанқы қалып дене тік, допты екі қолмен төменде ұстау; допты лақтыру және ұстап алу (жаттығу 5 рет қайталанады).
7. Бастанқы қалып дене тік, доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша секіру.

2.2. Негізгі қимыл жаттығулары

- Гимнастикалық тақтаймен жүріп келе жатып, қолындағы кішкентай допты оң қолдан сол қолға ауыстыру, алдына және артына ұстап, ауыстыру;
- Бір қатарға қойылған (5 м) кеглилардың арасымен оң және сол аяқпен кезек секіру;
- Сапта 3 метр қашықтықта аяқтарын алшақ қойып, допты екі қолымен бір-біріне қарама-қарсы тұрып лақтыру.

Педагог:

- Балалар, мен бубенді сылдыратқанша, екі командаға бөліне қойыңдар, міне, жарайсыңдар! Енді жаттығуларды орындауға кірісеміз. Педагог балаларды екі командаға бөліп, екі командаға гимнастикалық тақтаймен жүріп келе жатып, қолындағы кішкентай допты оң қолдан сол қолға ауыстыру, алдына және артына ұстап, ауыстыру; бір қатарға қойылған (5 м) кеглилардың арасымен оң және сол аяқпен кезек секіру дағдысына үйрету; сапта 3 метр қашықтықта аяқтарын алшақ қойып, допты екі қолымен бір-біріне қарама-қарсы тұрып лақтыру жаттығуларының орындалу техникасын көрсетеді. Екі команда өздеріне берілген тапсырмаларды орындап жатқанда педагог жаттығулардың жасалу техникасына көңіл бөліп, дұрыс игере алмай жатқан балаларға ескерту жасайды. Гимнастикалық тақтаймен жүріп келе жатып, қолындағы кішкентай допты оң қолдан сол қолға ауыстыру, алдына және артына ұстап, ауыстыру жаттығуы кезінде балалардың тепе-теңдікті сақтап, құлап кетпеуіне басты назар аударады. Бір қатарға қойылған (5 м) кеглилардың арасымен оң және сол аяқпен кезек секіру кезінде епті, жылдам болуды ескертеді.

2.3. "Қоян" қимылды ойыны.

Мақсаты. Қимылдарын қайталап көрсетуді үйрету. Еске сақтау, зейін, қимыл ептілігін дамыту.

Педагог: - Балалар, кім қоян болғысы келеді екен? Қоян сәбізді қалай жейді екен, қалай секіреді екен? Қоян сияқты қалай жүгіреді екен, маған ойын кезінде көрсетіндерші! Педагог балаларды ойынға құлшындырып алады да, ойын барысына өзі басшылық жасайды. Педагог балаларды бірінің артынан бірін тұрғызып, қоян сияқты жүгіріп кеп, сәбізді жегендей қимыл көрсету және жүру керектігін тағы да балалардың есіне салады. Қоян сияқты жүру техникасын педагог өзі көрсетіп, балалармен бірге ойнайды.

2.4. Педагог балалардың негізгі қимыл жаттығуларын қалай игергендерін тексеру мақсатында "Ұшты-ұшты" пысықтау ойынын өткізеді. Педагог:

- Балалар, бұл ойын сендерге таныс, сондықтан мен ұшатын және ұшпайтын заттардың атын атағанда мұқият тыңдап отырып, ұшатын заттардың аты аталғанда қолдарыңды қанат сияқты жоғары сермейсіңдер, ұшпайтын заттардың аты аталғанда қолдарыңды шапалақтайсыңдар, келістік пе? Педагог балаларға ұшатын және ұшпайтын заттардың атын атайды. Ұшатын заттардың аты аталатын кезде балалар қолдарын қанат сияқты жоғары сермейді, ұшпайтын заттардың аты аталғанда қолдарын шапалақтайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

Педагог балаларға бубенді көрсетеді, сол бойынша балалар сапқа тұрады. Балалар бірінің артынан бірі тұрып, тыныс алу жаттығуларын тек педагогтың көрсетуі бойынша үндемей орындайды. Педагог балалармен бірге жүріп келе жатып, екі қолдарымен сермеп, қимылдар жасайды, кәне! Екпіндерін азайтып ақырын жүреді екен, енді демімізді ішке тартып, терең дем алып, қайтадан ақырын демімізді сыртқа шығарамыз. Жарайсыңдар, балалар! Маған сендердің белсенділіктерің ұнады, рақмет! Ұйымдастырылған іс-әрекетін аяқталды, сау болыңдар!

